

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ
14 қараша, 2025 жыл

Астана, 2025

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

Редакция алқасы: Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР» көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз	3
Құттықтаулар	5

Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде)	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні)	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде)	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде)	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida)</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері)</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде)</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты</i>	366

Академик-ғалымды ұлттық мифологиялық мектептің негізін салушы деп баға беруге толық негіз бар. Себебі, С.А. Қасқабасовқа дейінгі зерттеулерде миф ауызекі деталдарда жай ғана сөзетілсе, енді барлық фольклор жанрының қисынын мифтен іздеу үрдісі қалыптасты. Бұл үрдіс тек фольклористика мен әдебиеттануда ғана емес, жалпы әдеби шығармашылықтың жаңа салалары мифологиялық-реализм сынды бағыттардың дамуымен қатар келді. Сонымен бірге, мифологияны зерттеудің тек салыстырмалы ғана емес, тарихи, мәдениеттанулық, семантикалық, жүйелілік, антропологиялық, психологиялық әдістері дамуын тапты. Академик С.А. Қасқабасов ұлттық антропологиялық мектептің ғана емес, ең алдымен мифология мектептің де негізін қалаушы деп айтуға толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.3. Фольклорная проза казахов. Избранные исследования. Астана: Фолиант, 2014. – 424 с.
2. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.1. Фольклорная проза казахов. Избранные исследования. Астана: Фолиант, 2014. – 320 с.
3. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.2. Фольклорная проза казахов. Избранные исследования. Астана: Фолиант, 2014. – 344 с.

АКАДЕМИК С.А. ҚАСҚАБАСОВ: АБАЙ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Аслан АЛИМБАЕВ, PhD, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті
кафедрасының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан

Әлем халықтарының әдебиеттануымен біте қайнасып дамып келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымының өткені мен бүгінгі зерттеліп, әлемдік рухани дүниенің ажырамас бір бөлігі ретінде орын алды. Ғылым бір орында тұрмайды, дамып жаңа көзқарастармен толығып, өзгеріп тұрады. Әдебиеттану ғылымы да заман көшінен қалмай қарыштап дамып, жаңа көзқарастармен тұжырымдалып, толығып келеді. Адамзаттың қалай пайда болғанын, олардың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін оқытатын әдебиеттің бір саласы – фольклор. *Фольклортану* (ағылш. *folk* – халық, *lore* – даналық) – халық даналығын зерттейтін ғылым [1.371].

Қазақ фольклорының зерттелуіне орасан зор үлес қосқан, бүгінгі мақаламызға арқау болып отырған фольклорист ғалым – Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың «Абай және фольклор» ғылыми-зерттеу еңбегі. Ғалым фольклористика саласында көптеген зерттеу еңбектер жазған, атап айтар болсақ, «Казахская волшебная сказка» (1972), «Қазақтың халық прозасы» (1984), «Родники искусства» (1986), «Колыбель искусства» (1990), «Казахская сказочная проза» (1992), «Абай және фольклор» (1995), «Золотая жила» (2000), «Жаназық» (2002), «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу. Қыз Жібек. Қазақтың ғашықтық жырлары» (2003), «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті» (2005), «О

фольклоре и не только» (2005) «Елзерде» (2008) сияқты монографиялар мен зерттеулер кітабының және 300-ден аса зерттеу жұмыстарының авторы.

С.Қасқабасовтың «Абай және фольклор» атты ғылыми зерттеу еңбегінде, *«Абай бүкіл қазақ фольклорын ғана емес, күллі әлем, әсіресе шығыс халықтары фольклоры мен классикалық әдебиетін де игерген, әрі оны өз шығармашылығына пайдаланған»* - деп жазады [2.545]. Сөзсіз Абай әлемдік туындыларды соның ішінде шығыс халықтарының фольклорымен таныс болуымен қатар, сол туындылардағы сюжеттерді өз шығармаларында ұтымды пайдалана білген. Ақын шығыс халықтарының фольклорлық кейбір сюжеттерін толығымен сол күйінде өзгеріссіз қолданған. Бұның себебін ғалым былай түсіндіреді: *«Қазақ пен шығыс елдерінің ежелден жақындығы, рухани туыстығы, тұрмыс ұқсастығы. Олардың фольклорындағы ежелден келе жатқан ортақ сюжеттер мен дастандарды, қиссалар мен жырларды, ертегілерді Абай өз өлеңдері мен поэмаларына негіз етіп алған»* [2.545]. Ақын фольклорлық сюжеттерді өз туындыларында текке қолданбады. Ол сюжеттердің қазақ халқының ой-санасына жақын, әрі ұғынықты болғандықтан, ақын сол арқылы ұлтын жаңа ізгіліктерге ұмтылу қажеттілігін насихаттаған. Адамның рухани байлығын бірінші орынға шығаратын Абай туындылары адамның адам күйінде қалып, толық адам болу жолын жасап кеткен. Ал осы толық адам дәрежесіне адамның кемелденуіне әсер ететін бірден-бір фактор білім, ғылым осы екеуін меңгеруге жол сілтейтін ол еңбек деп түсіндіреді.

Ғалым еңбегінде Абай поэмаларындағы фольклорлық сюжеттерді, шығыс ақындары мен батыс елдерінің шығармаларындағы сюжеттерді қалай пайдаланғандығы жөнінде талдап, *«Бұл жағдайды «Ескендір» поэмасынан көруге болады»*, – деп жазады [2.557]. Ескендір Зұлқарнайын образы ел арасында пайғамбар, әділ патша ретінде танылған. Елге үлгі боп жүрген кейіпкердің шынайы образын беру үшін Абай «Ескендір» поэмасын жазған. Ойшыл ақын поэма соңында кейіпкерін яғни, Ескендірді сабасына түсіріп, әрі қарай елді жаулау жорығына аттандырмайды, бұл да болса ақынның ел билеуші адамдарға астарлы түрде айтқан нақылы іспеттес. Ғалым поэмадағы сюжеттерді талдап Талмудта, В. Жуковскийде қалай көрініс тапқандығын айта келіп, Абай поэмасындағы Ескендір образындағы ерекшелікті айқын көрсетеді. Бұған дәлелді ғалымның «Жаназық» еңбегінің 561-562 беттеріндегі мәтіннен көре аламыз. *«Ескендірдің жорықта жүріп, жұмаққа тап болғаны, оның ішіне кіре алмай, қу бас алып қайтқаны туралы ежелгі тәмсіл ХІХ ғасырда орыс әдебиеті мен Талмуд арқылы Абай шығармашылығында орын алған. Талмудта бұл сюжет Александр Македонскийдің өміріндегі бір ғана оқиға ретінде айтылып, патшаның бұл оқиғадан қандай қорытынды шығарғаны жайлы сөз болмайды. Ал В.Жуковскийдің мәтіні бойынша, Александр Македонский ештеңеге тоймайтын көз сүйегі хақында ақылгөйдің сөздерін естіген соң да бөтен елдерді жаулауын тоқтатпай, керісінше, «өмір қысқа, бәріне үлгеру керек» деп, дереу Үндістанға аттанады. Ең соңында: «Тойымсыз шапқыншыны бір уыс топырақ қана тоқтатты».*

Ғалым, осы ізбен Абайдың «Масғұт» пен «Өзімнің әңгімесі» поэмаларын да талдап, ондағы фольклорлық сюжеттерді қарастырады.

Абайдың әдеби мұрасының нәр алған үш бұлағы жайлы Мұхтар Әуезов былайша пікір білдіреді: *«Дана ақынның өз халқынан және жалпы адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні барын байқаймыз. Мұның біріншісі – қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры, ақын Абай осы қордан нәр алып, сол арқылы өз өлеңін көп көркейтті». Академик «Мұқанның осы ойы, өкінішке қарай, қазақ әдебиеті туралы ғылымда, абайтануда арнайы зерттелмей қалды, жан-жақты қарастырылмады, ары қарай жалғасын таппады [1.30].*

Абай шығармашылығындағы фольклорлық көріністердің, шығыстық дәстүрлердің қарастырылмай, зерттелмей келген себебі, айтпаса да түсінікті жағдай. Қызыл империяның тұсында шығыстық мәдениеттің дәріптелуі теріс пиғыл деп танылғаны бәрімізге аян. Бұл мәселе бүгінгі әдебиеттанушы ғалымдардың міндеттерінің бірі деп білеміз. Тәуелсіздік жылдары Абай шығармашылығындағы шығыстық және ислам дінінің құндылықтарының көріністері зерттелмеді деуден аулақпыз. Ұлттың бай тарихы, оның фольклоры мен әдебиеті, мемлекеттің құтты билігі, ондағы адамдардың адами қасиеті және дербес мемлекет боп өмір сүруі, тарих сахнасынан мәңгі орын алып, жарқын болашаққа сеніммен келе жетқан, Ұлы дала елі үшін, Ұлы Абай туындыларындағы ұлттық құндылықтарды жан-жақты қарастырып талдаған ғалым ағаның сіңірген еңбегі орасан.

Сөзіміздің дәлелі ретінде ғалым, Сейіт Асқарұлының «Абай» деген жинағында 2005 жылы жазылған «Абай және ұлттық идея деген мақала бар. Осы мақалада халықтың ұлт болып қалыптасу жолы және оның Абай шығармашылығында қалай көрініс тапқандығы жайлы біраз мәселе қозғалған. *«Қазақтың арғы бабалары есте жоқ ескі заманда, сонау түркі-моңғол тайпаларынан бірлігі кезінде этникалық ұлт болып қалыптасқан да, түркі дәуірінде мемлекеттік ұлтқа айналған. Бірақ сол мемлекеттік ұлт статусын үнемі сақтап тұра алмаған [3.83].* Мемлекеттікті сақтап тұра алмағанымен, ұлттық, елдік дәстүрлерді атадан балаға мирас ретінде қалдырып отыруды жақсы білген. Осы жолда Абай секілді қазақтың көзі ашық, көкірегі ояу тұлғаларының еңбегі орасан. Дегенмен ғасырлар бойы бодан боп өмір сүрген ұлт тарихтан қол үзіп қалуы әбден мүмкін. Бұндай күн қазаққа жақындап қалғанын Абай секілді тұлғалар білді. Сондықтан да елді білімге шақырып қана қоймай, осы жолда талмай еңбектенді.

Абай ұлтқа тән ең басты екі қасиетті айтады бірі ел басы, топ басы, кейінгісі намысқорлық. *«Қазақ жеке мемлекет болғанда ешкімге намысын жібермеуші еді, елдің бірлігі күшті еді. Аруақ шақырып, мемлекетті қорғауға барлық қазақ күш салушы еді, - деген идея» [3.85].* Ия, Абай өмір сүрген заман орысқа бодан болған кез. Осы кезеңдегі ұлттың әлеуметтік ахуалы мен қатар рухани құлдырау кезеңі болған тұс еді. Надандық жолына кетіп бара жатқан

ұлтын қалай құтқарамын деген ой ақынды мазаламай қоймады. Ұлтының намысын ояту мақсатында, ақын ұлтын сынап та жазды.

Әдебиет – ұлттық идеологияны насихаттаудың таптырмас құралы. Бұны жақсы түсінген отарлаушы елдер, өз мүдделерін қорғау мақсатында бодан елдердің мәдениеті мен әдебиетін жоққа шығару жолында еңбектенетіні шындық. Бірақ Абайдай ұлы тұлғалардың шығармалары ешқандай идеология жетегінде кете бермейтін классикалық туындылар. Себебі, бұнда ешқандай жалғандық жоқ, тек қана шынайы ұлттық мүдде, таза жүректің түбінен шыққан ұлтқа деген сол арқылы барша адамзатқа деген жаңашырлықтың лебі сезіледі. Бұл жөнінде ғалым; *«Абай үшін әдебиет – идеология емес, ресми саясаттан аулақ өнер. Ұлы ақын әдебиеттің басты міндеті адамды дәріптеу, адамды эстетикалық сезімге бөлеу, сөйтіп оны жан-жақты дамытып, толық адам дәрежесіне жеткізу деп санаған»* [3.69]. Абай қазақ әдебиетін биік деңгейге көтерді. Ал Абайдың туындылары ренессанстық сипатта болуына әрине, туған халқының бай мәдениеті мен фольклорының әсері молынан екені анық.

«Абай фольклорға ақын есебінде ғана емес, сондай-ақ ойшыл зерттеуші ретінде де барған. Өзінің көркем поэзиясында ол, негізінен, фольклорлық сюжет пен поэтиканы пайдаланса, қара сөзінде фольклорды тарихи-қоғамдық тұрғыдан қарастырып талдайды. Оның кейбір қазақ мақалдары мен мәтелдерін талдау принципі, зерттеу аспектісі ақынның өлеңдерінде көтерген проблемаларымен үндесіп жатады: қалай да адамды түзеу, сол арқылы қоғамды жөндеу. Ал, мұның өзі, бір жағынан, халық утопиясына апарса, екінші жағынан, ислам дінінің иманды адам, жақсы қоғам туралы хақ жолы жөніндегі түсінікпен де байланысып жатады» [3.70]. Фольклор – ұлттың санасында кодталып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қала беретін ұлттық байлық. Фольклордағы сюжеттер адамзат баласының даму жолы мен тарихын меңгеруде таптырмайтын құрал. Аңыз, ертегі, батырлық жырлар, эпсана, хикаялардың бәрі шындық деуден аулақпыз, дегенмен аталғандардың ішінде кездесетін элементтер мен детальдар өткен тарихтың шындығына жақындатуға мүмкіндік тудыратын бөлшектер. Ал фольклорлық сюжеттердің әдебиетте көрініс табуы, бұл адамзатты адами құндылықтарға баулуды және қоғамды ізгілендіру жолында септігін тигізетін механизмдердің бірі десе болады.

Академик С.А. Қасқабасовтың зерттеуіндегі Абай туындыларындағы фольклордың орны жайлы аз-кем мағлұматты саралап, ой елегінен өткізіп, ХХІ ғасырдағы маңызын анықтай алдық деген ойдамыз. Абайтану әдебиеттану ғылымының бір саласы ретінде орныққанына ғасырға жуық уақыт өткеніне қарамастан, өзекті болып тұрғаны, оның өміршендігінің айғағы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі /Құраст.: З.Ахметов, Т.Шаңбай/ – Семей-Новосибирск: «Талер-Пресс», 2006. – 398 бет.
2. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 бет.
3. Қасқабасов С. Абай. – Алматы: «Алматы баспа үйі» ЖШС, 2010. – 112 бет.